



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

XVI ғасырдағы дін, тіл және мәдени
тенденциялар



Дәрістің мақсаты: жаңа заман кезеңіндегі дін мен тілдің даму ерекшеліктерін талдау, конвергенцияның мәдениет саласына жағымды және жағымсыз әсерін көрсету.

Кілт сөздер: ислам, буддизм, христиан діні, «тілдің өлімі», католиктік реформация, контр-реформация, протестанттық реформация, ұлттық тілдер, баспа тілдері.

Алдыңғы дәрісте атап өткендей, ерте Жаңа заман кезеңі империялар мен монархиялар уақыты ғана емес, сонымен қатар, интеллектуалдық пен рухани адасу кезеңі де болды. Сырттай қарағанда бұл процестер бір-бірімен қарама-қайшы келеді: егер саяси тұрғыда кіші саяси формациялар үлкендерімен жұтылса, идеялар саласында бастапқыда үстемдік құрған догмалар орталықтандыруға ұмтылған күштердің ықпалына тап болды. Идеялар саласындағы догмалар Еуропадағы сияқты діни бытыраңқылыққа да әкелді. Бірақ бұл тенденциялар қарама-қайшылықта ғана болмады, өзара күшеюге де әсер етті.

1500 жылға таман қазіргі діни сенімдердің бәрі де Афроеуразияда пайда болды. Олардың үшеуі – буддизм, христиан мен Ислам діні кең таралып, оларды ұстанатындардың саны миллиондарға жетті. Осы үш әмбебап дін біртіндеп көптеген жергілікті діни наным-сенімдерді өзгертті.

Жаңа заманның бастапқы кезеңдерінде Афроеуразияда діни ландшафт айтарлықтай өзгеріске ұшырады, «ірі діндердің» кең таралуынан ғана емес, сонымен қатар, жаһандық өзгерістердің қарқын алуы адамзат, табиғат және космос туралы жаңа сұрақтар тудырды. Трансмұхиттық қарым-қатынас Афроеуразия мен Америкадағы қоғамдарды мүлдем оғаш, түсініксіз және қауіпті идеялар мен заттар арқылы біріне-бірі қарсы қоюы мүмкін. Христиандар, мәселен, Америка үндістері Адам ата мен Хауа анадан пайда болды ма, жоқ па деп бас қатырды. Киелі кітапта олардың ескерілмеуі бұлардың Құдайдың басқа бір жаратылысының белгісі болу мүмкіндігін қызу талқылады. Еуропа миссионерлерімен жолыққан Қытай конфуций ғалымдары ұлы жаратушының Әке – Бала – Қасиетті рух – үш түрлі формада болуын ұғынуға тырысты. Индонезия мен Батыс Африкадағы жергілікті политеистік діндерді ұстанушылар табиғат аруақтарынан және тұрмыстық құдайларынан бас тартып, Бір Құдайға бойсұнуға шақырған мұсылмандарды кездестірді.

Ірі универсалист діндер ғасырлар бойы сенім мен практикаға қатысты ішкі келіспеушіліктер мен қайшылықтарға тап болды. Буддизм, христиандық пен исламның кең етек жая таралып, үлкен көлемдегі лингвистік және этникалық шегараларды асып кетуі, сөзсіз, доктриналық айырмашылықтар мен ұйымдастыруда жеке-дара бөлінуге алып келді. Жаңа заманның бастапқы кезеңінде интенсивті діни пікірталастар мен жікке бөліну кең етек жайды, әсіресе, халық қозғалыстары қоғамдарды дамытып, адамгершілік энергияларға негіз болды.

Ғаламдық байланыс пен өзара әсер етудің салдарынан лингвистер «тілдің өлімі» деп атаған құбылысты да жеделдетті. Ғалымдардың бағалауынша, соңғы 1 мың жылда әлемдегі сөйлейтін тілдердің саны 10–15 мың аралығынан 7 мыңға төмендеген және бұл процесс жалғасын табуда. Соңғы талдауға сәйкес, әрбір 2 аптада бір тіл өмір сүруін тоқтатуда.

Тілдің өлімі – белгілі бір тілде сөйлейтін ұлт жойылып немесе осы тілде еркін сөйлеушілер саны азайып, бұл тілде сөйлейтін қоғамның құру процесі.

Жаңа заманның бастапқы кезеңінде жергілікті тілдер мен олар тарататын мәдени идеялар мен тәжірибелер, кеңейіп жатқан мемлекеттермен, әмбебап діндермен немесе сауда жүйелермен байланысты жаңадан пайда болатын тілдер үшін негізін жоғалтты.

Ұлы Географиялық ашулар, жаңа сауда жолдарының пайда болуы, ғаламшарға тарап кеткен кең ауқымды отарлық империялардың қалыптасуы нәтижесінде бір-бірі туралы ешнәрсе білмеген мәдениеттер мен өркениеттер өзара жақындасып, байланысқа түсе бастады. Осы уақытқа дейін адамдарды рухани қауымдастықтырға біріктіріп, оларға өз мүшесін бөтендерден айыру үшін қолданылатын діни және интеллектуалдық доктриналар күмәнға салынып, кейде ашық сынға да алына бастады.

Мысалы, Қытайдағы жағдай бойынша онда жүз жыл бойы ресми мемлекеттік доктрина конфуциандық реформа болды. Ол жаңа конфуцийшілдік деп аталды. Идеология бойынша Қытай империясының құзырындағы азаматтарға отбасы идеалдарын құрметтеуді, бір-



бірін тыңдауды, сыйлауды және дінге сенуді үйретті. XVI ғасырдың басында мемлекеттегі экономикалық және әлеуметтік өзгерістер, сонымен қатар, Батыс Еуропа миссионерлерінің қызметіне байланысты жаңа конфуцийшілдіктің негізгі қағидаларын қайта бағалау басталды. Мысалы, философ, империялық бюрократияның шенеунігі мен жауынгері Ван Янмин жеке автономияны жақтап шығады. Оның ойынша адамдардың туа бітті моралдық шешімдерді қабылдау қабілеттілігі бар. Янминнің ілімдері бұрынғы доктринаның догмашылдығына наразы болған білімді жастардың арасында тез таралады. Ван Янминнің өлімінен кейін оның ілімі тыйымға салынып, шәкірттері қуғындауға ұшырайды. Дегенмен философ негізін қалаған қозғалыс империядағы кейінгі интеллектуалдық өмірдегі елеулі өзгерістерге әкеледі.

Ван Янмин қайтыс болғаннан кейін, кейбір ізбасарлары оның ойларын шығармашылығында пайдаланып, кедейлерге білім беру және әйелдердің интеллектуалды қабілеттерін құрметтеу туралы идеяларын кеңейтті. Қатал иерархия мен ерлер билігін қолдаған неоконфуций шенеуніктер бұларға жауап ретінде, Ванн Янминнің шәкірттерінің бірін абақтыға қамап, енді бірін өлім жазасына кесті. Дегенмен Ваннның қозғалысы қытайлық интеллектуалды өмір салтына еркіндік беріп, өрісін кеңейтті.

Таяу Шығыста сүнниттік пен шииттік бағыттағы мұсылмандар арасында бұрыннан келе жатқан қақтығыс шиеленісе түседі. Бұған екі бәсекелесуші алып мемлекеттер сүнниттік Осман империясы мен шииттік Иранның пайда болуы мен күшеюі айрықша әсерін тигізді. Сүнниттер Сефевидтердің құзырындағы азаматтарды дінбұзар десе, шииттер сүнниттер мен Осман империясын исламдық дінде өзіне билікті заңсыз иемденген жалған адамдар деп қарады. Екі бағыт арасындағы саяси күрес Осман-Парсы соғыстарына қатыгез конфессияаралық күрес сипатын берді.

Сефевидтер мен Осман империялары негізінен доктрина үшін емес, территориясын кеңейту соғысты, алайда діни негіздегі пікірталастар екі ортадағы отты тұтатты. XVI–XVII ғасырларда сүнниттік және шииттік ислам арасындағы қарым-қатынас алшақтап, олар өз бетімен өмір сүретін дін формаларына айналды.

Осы кезде адамдардың діни өмірінде ең қайғылы оқиғалар Батыс Еуропада орын алып жатты. Егер ислам, мен буддизмде діни ұйымдастыру ісі бейресми, беймделгіш және ерікті түрде орталықтанған болса, Еуропадағы жағдай мүлде басқаша дамыды. Христиан дінінде шіркеулер діни ұстанымдар мен діни тәжірибені ресми түрде бақылауға алды. Рим католиктік шіркеуі XVI ғасырға дейін Батыс және орталық Еуропада христиандықтың ерекше түрі ретінде ірі әкімшілік, қаржы және білім мекемесі болды. Шіркеу басшылары сенім мен бағыну мәселесіне келгенде, дағдарыс байқалды.

Рим шіркеуі Батыс Еуропадағы ортағасырлық мәдени гүлдену дәуірін бастады. 1400 жылдары шіркеудің моральді келбеті сын көтермейтін. Шіркеу тұтастығы жоғарғы лауазымды папалар, кардиналдар, епископтар және шіркеу мен ғибадатхана жетекшілері секілді принципшіл ерлер мен әйелдерге тәуелді болды. 1300 жылдары дінбасылардың беделі күрт түсті. «Қара өлімнің» алдын алып, оның салдарын жеңілдете алмаған шіркеуден христиандардың көңілі қалды, сонымен қатар, христиандар екі және кейін үш папаның үстемдік үшін қырық жылға созылған күресінің куәсі болды (Ұлы Батыс бөлінуі, 1378–1417 жж.). Дағдарған христиандары мол бүкіл Еуропаға сыбайлас жемқор және ашкөз епископтар, дөрекі балалары бар діни қызметкерлер мен негізінен отбасының жағдайын ойлайтын материалист поптар жайлы жағымсыз әңгімелер тараған болатын. Жоғары мәртебелі дін басылары қалыптасқан жағдайға күйзелгенімен, оған көп өзгеріс енгізе қойған жоқ.

Бір жағынан католиктік шіркеу, оның жоғарғы дәрежелері жаңа философиялық ағымдардан шет қалмайын деп, секуляризацияланады. Христиандардың рухани қызметшісі ретінде папалар Италиядағы өз ұстанымдарының нығаюына мүдделі болғандықтан, өздерін зайырлы княздар сияқты ұстады. Екінші жағынан, классикалық мәтіндерді оқу, соның ішінде патристика кезеңінің христиандық мәтіндерін оқу гуманистердің назарын христиандық доктринаның ерте үлгісі мен қазіргі оның шіркеулік тәжірибелері арасында алшақтық бар екендігіне байқатты. Қажетті фактологиялық дағдыларға ие бола отырып, гуманист ғалымдар Христос ілімі мен оның ізбасарлар ілімін түсіндіруде католиктік шіркеудің монополиясына күмән тудырады. Лоренцо Валла, Эразм Роттердамский, Ульрих фон Гуттен сияқты гуманистер шіркеуді зайырлылығы мен ерте христиандық идеалдарға сәйкессіздігі үшін сынаса да, католиктер болып қала берді.



Батыс әлеміндегі христиан дініндегі саяси бытыраңқылықты Августин орденінің монахы Мартин Лютер бастады. Ол Саксониядағы шаруа сословиесіне жататын отбасыда дүниеге келді. Лютер өзін діни талқылаудан құтқару жолын іздеді. Өзін мазалаған сұрақтарға жауапты шіркеу немесе шіркеулік дәстүрлерден таппаған Лютер өзін құтқару үшін тек сену қажет екенін түсінеді (solafide– «бір сенім»). Бұл ой оның Шіркеуге қарсы шығуда және ұстанған саясатында басшылыққа алынып, 1517 жылы тарихта белгілі Виттенберг шіркеуінің есігіне жабыстырылған 95 тезис атты актіде көрініс тапты.

Лютер 1520 жылы шіркеуден шығарылып, схизматикке айналады. Бұл әрекетке де тоқтамай ол қарапайым адамдар ғана емес, зайырлы солтүстік германдық князьдардың да, соның ішінде саксондық курфюрст көреген Фридрихтың қолдауына ие болады. Герман князьдарының Лютерді қолдауының да астарында саяси себеп болды. Лютердің неміс князьдарымен одағы олардың жоспарларымен тікелей байланысты болды. Лютер ұсынған протестантизмді князьдар Қасиетті Рим империясының императоры әрі католикшіл Карл V-шімен күресте басты қару ретінде пайдаланылады. Осы уақытта Карл V-ші өзінің билігін Германияда күшейтуге ұмтылды. Бұл өз кезегінде бірқатар германдық билеушілердің наразылығын туғызды. Осылайша протестантизм Рим империясы және жас императорға қарсы біріккен күштердің идеологиясына айналды.

Мартин Лютер діни сенсацияға айналды. Екі онжылдықтың көлемінде оның идеяларын қолдаған христиандар Германия, Швейцария мен басқа да еуропалық мемлекеттерде қолдау ұйымдарын құрды.

Лютерді қолдаған барлық қарсылық көрсетушілер, протестанттар папаның билігін мойындамады, бірақ олардың барлығы бірдей «лютерандық» болмады. Кейбір ұйымдардағы жетекшілер Лютермен теология мен шіркеуді ұйымдастыру бойынша әртүрлі мәселелерде келіспеді. Мысалы, протестанттардың арасында шіркеу ғимараттарында Исаның (Иисус) бейнесі қалай көрініс табуы керек, шіркеулер қалай басқарылуы қажет және Иса Құпия кеш кезінде қолына нан алып, «Бұл менің денем» деп айтқанда нені айтпақ еді деген сияқты мәселелер бойынша даулар туды.

Лютердің жолын басқа да Еуропада ұстанушылар болды. Швейцарияда Ульрих Цвингли католиктік шіркеумен байланысын үзді. Француздық заңгер Жан Кальвин XVI ғасырдың 30-жылдары Женевада өзінің кальвинистік шіркеуін құрды. Кейіннен бұл жаңа ағымдар біртіндеп радикалды болып көріне бастайды. Шіркеулік иерархияны қолдамайтын Анабаптистер, саяси үштікті қолдамайтын Унитариялар, Себастьян Франктың мистикалық ағымды қолдайтындардың избасарлары пайда болады. Лютерандар мен кальвинистер өздерінің «замандастарына» қарағанда католиктік шіркеудің қатаң бақылауында болды.

Протестантизмнің реформаторлық және радикалды бағыты доктриналық өзгешеліктеріне қарамастан, ортақ қағидалары болды. Біріншіден, протестанттар Лютермен бірге христиандар тек сенімімен ғана құтқарудың жолын таба алады деп есептеді. Ал сенім өз кезегінде Библияны дін қызметкерлерінің көмегінсіз түсінуге мүмкіндік береді, яғни христиандық қауымның әрбір мүшесі өзі үшін дін қызметкері болып табылады (жаппай дінбасылық идеясы). Бұл идея бойынша шіркеу институт ретінде қызметін тоқтатпайды. Шіркеу реформаторлық протестанттар ұғымында да ішкі иерархияны сақтап қалады. Маңызды енгізілген жаңашылдық – Шіркеудің мемлекеттік істерден бөлінуі мен оның одан әрі мемлекетке бағынуының жалғасуы. Шіркеу протестанттық билеушілер аумақтарында халыққа діни сенімді орнатудың бөліміне айналды.

Ерте протестанттық шіркеулерде әйелдер кейде жазушылар және ұйымдастырушылар ретінде жетекшілік рөлге ие болды. Католиктік пен протестанттық діни қызметкерлер негізінен ер азаматтар мен әйелдер рухани тұрғыда тең болғанымен, әйелдер шіркеуде тыныштықты сақтап, туыс ер азаматтарға бағынып, өздерінің интеллектуалдық жетілмегендігін қалыпты жағдай ретінде қабылдау қажеттігіне келісті. Кейбір батыл әйелдер христиан діни ортағасырлық шіркеуден мұраға қалған дәстүрлі гендерлік рөлдерді қорғауы тиіс деп өз ойларын білдірді. Бір неміс әйелі 1524 жылы жазғандай: «Қасиетті Павел шіркеуде діни уағыз жүргізуге тыйым салып, ер азаматтарға бағынуды талап еткенімен, егер шіркеу іші кілең өтірікшілерге тола болса, не істер еді?».

Протестантизмнің саяси мазмұны біржақты болмады. Бір жағынан, ол жергілікті билеушілердің орталықтанған мемлекеттегі артықшылықтарына қол сұғуға қарсылық білдіретін идеология болды. Оның мысалдарын солтүстік Германия, ұқсас жағдайды азаматтық



соғыс өршіп жатқан Францияда байқауға болады. Франциядағы жағдайды католиктердің гугеноттармен, яғни француздық кальвинистермен соғысы ретінде түсіну қажет. Бір уақытта ол Парижде орналасқан монархия мен корольдіктің оңтүстік пен орталық аймақтарындағы мұрагерлік аристократияның арасындағы соғыс ретінде қарастыру керек. Француздық аристократтар жаппай протестантизмге өтіп, ол арқылы өз әрекеттеріне идеологиялық қолдау тапты. Сонымен қатар, протестантизм жергілікті билікті шоғырландырудың құралы ретінде де қызмет ете алады. Мысалға солтүстік Германияның өзінде протестантизмнің таралуына жергілікті ханзадалар – Саксония мен Бранденбург-Пруссиядан таңдаушылардың таралуы сәйкес келді. Лютерандықтың таралуы сөзсіз Дания мен Швециядағы ұлттық монархиялардың топтасуында маңызды рөл атқарды. Англияда Генрих VIII-нің жаңа некеге келуі Папамен қарым-қатынастарды нашарлатады. Генрих шіркеу құрып, оны өзі басқарады. Осылайша, дін өкілдерінің зайырлы билікке бағыну жағдайында ағылшын монархиясы кейінгі орталықтандыруды жүзеге асыру үшін маңызды құралға ие болады. Лютер мен оның қолдаушыларының үндеуі Католиктік шіркеуді іштен реформа жүргізуге мәжбүр етеді.

Католиктік Реформация немесе Контрреформация Протестантизмнің таралуын тоқтатып, Римнің беделін қалпына келтіруі тиіс болды. Триденттік Соборда жарияланған өзгерістер папалық бақылауды дін қызметкерлеріне орнату мен шіркеудің сыртқы қарсыластарымен тоқтаусыз күрес жүргізу рухында жүргізілді. Игнатий Лойола құрған «Иисус қоғамы» немесе Иезуиттар ордені деген атпен белгілі топ протестантизмнің өзіне қарсы негізгі қаруы – сөз күшін қарсы пайдаланады. Тридентийлік реформалар және жаңа ордендердің арқасында католицизмнің жаңа тынысы ашылып, прозелитизмге ұмтылыс туады. Католиктердің протестанттармен күресі XVI мен XVII ғасыр бойында болады. Сырттай ол қарсыластардың ешбірі жеңіске жете алмаған жағдайда еді. Ал шын мәнісіндегі осы күресте жеңімпаздар ретінде зайырлы княздар мен монархтар шықты. Діни қақтығыс оларға өз мемлекет аумағында өз ресурстарын мобилизациялап, орталыққа бағынатын бюрократия мен бағынышты Шіркеуді құрды. Осындай саяси күрес нәтижесінде діни соғыстың соңында 1648 жылғы Вестфаль бейбіт келісімшартында ұлттық мемлекеттілік қағидасы мен құрлықтағы күштердің барлық салмағы идеясынан көрініс тапты.

1650 жылдан кейін еуропалық мемлекеттер арасындағы соғыс жағдайы мен діни карта біршама тұрақталды. Көптеген билеушілер бір-бірінің рухани таңдауларын мойындауға келісті. Мемлекеттер кейде азшылық болған еврей мен мұсылман секталарын қадағалай алды. Солтүстік Еуропаның басым бөлігі протестанттық, ал оңтүстік пен шығыс мемлекеттер католиктік болып қала берді. Протестанттық қозғалыстар Богемия, Венгрия мен Польшада ерте таралды, бірақ кейіннен католиктік реформаның күші және Римге адалдық қағидасы негізінде қайта өзгерді.

Меннонит министрі және оның әйелі. Нидерландта танымал голланд суретшісі Рембрандт Ван Рейн майлы бояумен салған бұл суретінде Нидерландтағы протестанттық элитаның құндылықтарын көрсетті. Діни қызметкер Конелис Клаус Ансло саудасы дөңгеленген саудагер ұлы, Амстердамның Меннонит қоғамы көшбасшысы болды. Жұбайы Аельтье Геррицдр Шоуетен оны мұқият тыңдап отыр. Екеуінің де киімдері күңгірт көрінгенімен, оның пальтосындағы тері элементі және Аельтьенің бас киіміндегі шілтер олардың байлығының белгісі болса керек. Үстелге төсеніш ретінде қолданған Азия гобелені, сонымен қатар, Анслоның сол жағындағы ірі кітаптар оның жаһандық нарыққа қатысы барын және оқыған адам екенін көрсетеді. Бұл протестанттық үй шаруасындағы әйелдердің мәртебесі туралы ой қозғатар сурет екені мәлім.

XVI ғасырда әлемнің тілдік картасы да өзгеріске ұшырады. Орталықтанған мемлекеттің күшеюі мұнда да сөзсіз негізгі рөлді ойнады. XVI ғасырдағы мемлекеттердің орталықтануы мен кеңеюі тіл мен мәдениетке елеулі ықпал етті. Басқарушы мемлекеттер жаңа аймақтарға қару күшімен өзінің автономды билігін орнатумен қатар, өз елінің тілі мен мәдениетін таратты. Ол әкімшілік пен заң істеріне қажет болды.

Әртүрлі жергілікті диалекттер мен діни биліктің тілінің орнына әулеттің қатынас тілі келеді. Ол бойынша зайырлы билік өз азаматтарымен қатынасады. Осылайша, болашақ ұлттық тілдердің «стандарттық үлгілері» – Еуропада француз, испан, ағылшын немесе поляк тілдері болды. Мысалы, Францияда XIV ғасырға дейін француз тілінде тек оның шыққан орны Париж аймағында сөйлейтін. Сонымен қатар, басқа аймақтарда өзге тілдерді естуге болатын. Француз



тілі өсуіші монархияның тілі еді. Париждік француз тілі король әскерлері, әкімшілік пен заңгерлер арасында таралып, провинциялардағы жергілікті дворяндар мен қалалық саудагерлер француз тілін оқу қажеттілігін түсіне бастайды. 1539 жылы король Фрэнсис I «барлық мемлекеттік құжаттар француз тілінде жасалынуы керек» деп қаулы шығарды.

Бүгінгі күндері әлі де қолданыста бар ерекше атап кетуге болатын тілдер – провансаль, бретон, баск. Британ аралдарында, VIII Генри және басқа монархтар ағылшын тілін мемлекеттік тіл ретінде бекітіп, корольдің иелігіндегі ирлан, валий немесе корнуолл сияқты кельт тілдерін айналымнан шығарып тастауға барынша әрекет етті. Мысалы, 1536 жылы Генри Англия билігіндегі Ирландияның бір бөлігі – Голуэй тұрғындарына «ағылшын тілінде сөйлеп, ағылшын сәніне сәйкес болыңдар; сендер және әркім өз баласын мектепке ағылшын тілінде сөйлеуге үйретуге берсін» деп үндеу тастайды.

Ұлттық тілдер ретінде Қытайда мандарин, Осман империясында түрік тілі пайда болады. Қалалық халық арасында мыңдаған кітаптар шығып, әдебиеттер әйел мен ер азаматтар арасында таралды.

Иезуиттік дінбасы Маттео Риччи (1601–1611 жж. Қытайда тұрған) «бұл аймақтағы кітаптардың көптігін және бағасының тіпті арзан екендігін» атап өтті.

Оңтүстік-Шығыс Азияда Бирма, Тайланд және Вьетнам қуатты монархиялар ретінде тарих сахнасына шығуы бирма, тай және вьетнам тілдерін аймақта басымдыққа алып келіп, бұның есебінен тау және орман халықтарының дәстүрлі түрде қолданған тілдерін ығыстырып шығарды. Жапондық Токугавада бір ғана басымдыққа ие болған вернакуляр тіл болды. Сондықтан да сауаттылық деңгейінің жоғары болуы және ағаш кескіндеме өнеркәсібінің гүлденуі архипелагтың мәдени тұтастығын қамтамасыз етті.

«Мәдени абырой тілдері»

Араб тілі мен парсы тілі ерте жаңа замандағы мұсылмандық дінтану, философия, әдебиет пен ғылымның негізгі жеткізушілері ретінде жоғарғы мәртебеге ие болды. Парсы тілі дипломатия тілі ретінде Бенгалиядан Жерорта теңізіне дейін интеллектуалдық алмасу тілі болып қызмет етті. Оңтүстік Азияның халықтары әртүрлі тілде сөйледі, бірақ парсы тілі негізгі Моғолардың әкімшілік тілі болды. Урду Хинди тілі ретінде парсы кірме сөздерімен толығып, солтүстік Үндістандағы маңызды әдеби тілге айналды. Мұсылмандар барлық жерде араб тілін пайғамбар Мұхаммед пен қасиетті Құран тілі ретінде құрметтеді. Араб тілі Ирактан бастап Атлант мұхитына дейінгі Батыс мұсылман жерлерінде басым тіл болды. Араб тілі сонымен қатар, Судандық Африкадағы интеллектуалдық мәдениет пен саяси әкімшілік тілі қызметін атқарды. Оттомандық аймақтарда оғыз тілі түркі тілі ретінде парсы тілімен қатар, мемлекеттік қызметкерлер мен ғалымдар арасында пайдаланылды.

Тіл дін сияқты басқару құралына айналады. Бастапқыда ол дінге бағынышты жағдайда болды. Мысалы, Лютер Библияны тарату үшін неміс тілі пайда болды. Кейіннен баспа саласының пайда болуы мен сауаттылықтың артуы ұлттық тілдің маңыздылығын күшейтеді. Мұның бәрі қазіргі ұлтшылдық пен жаңа, ұлттық бағытталған топтық біркелкіліктердің пайда болуының алғышартын қалыптастырады.

Еуропада механикалық баспа машиналары XVI ғасырда ұлттық тілдерде мыңдаған кітаптар мен памфлеттерді шығара бастады. Бұл «баспа тілдері» біртіндеп сөздіктер мен грамматикалық кітаптарға көшеді. Еуропалық баспа тілдері гуманистік қозғалысты оның орталығы солтүстік Италиядан құрлықтың басқа бөліктеріне таратты. Гуманизм кейінгі XIV ғасырда интеллектуалдық бағыт ретінде таралды.

Оның жақтаушылары грамматика, риторика, тарих және мораль философиясындағы білімін жоғары бағалап, олар студенттерге классикалық мәтіндерді түсіну үшін қажетті тәрбиелік негіз береді деп түсінді. Гуманист ғалымдар Библия кез келген басқа ежелгі құжат сияқты сыни талдауға ашық болуы керек деп есептеді. 1516 жылы голландиялық интеллектуал Эразм Роттердамский (1469–1536 жж.), адал Рим католигі, алайда шіркеудің кінәраттары мен фанатизімінің қас жауы, грек тіліндегі Жаңа өсиеттің алғашқы баспа басылымын жариялады. Кейін Оксфорд университетінің діни қызметкері Уильям Тиндейл (1490–1536 жж.) протестант-



тық діннен безген ретінде отқа жағылғанға дейін оны грек тілінен ағылшын тіліне аударған еді. Мәскеуде білімді ерлер мен әйелдер латын тіліндегі ғылыми еңбектерді оқып, оларды орыс тіліне аударып отырды. III Иван патша Италияда тәрбиеленген дворян тұқымынан шыққан София Палеологқа (1455–1503 жж.) үйленді, ол орыс православиелік және римдік католик әлемі арасындағы тіл мен мәдени байланыстарды нығайтуға бар өмірін арнады.

Сұрақтар

1. Афроеуразияда қай 3 негізгі дін кең таралды?
2. Осман империясының Азиядағы негізгі қарсыласы қай мемлекет болды?
3. Протестантизм пайда болуы себебі қандай?
4. Протестантизмді неміс княздарының қолдау себебі қандай?
5. Мартин Лютердің идеялары қай аймақтарға таралды?
6. Ұлттық стандарттық тілдер ретінде қай тілдер пайдаланылды?
7. Араб тілінің құрметке ие болуының себебі қандай?

Әдебиеттер

1. Russ Rymer, «Vanishing Voices», National Geographic (July 2012), <http://ngm.nationalgeographic.com/2012/07/vanishing-languages/rymer-text>.
2. Quoted in Paul A. Russell, *Lay Theology in the Reformation: Popular Pamphleteers in Southwest Germany 1521–1525* (Cambridge: Cambridge University Press, 1986), 203.
3. Quoted in Nicholas Ostler, *Empires of the Word: A Language History of the World* (New York: HarperCollins, 2005), 404–405.
4. Quoted in *ibid.*, 465.
5. Matteo Ricci, *China in the Sixteenth Century: The Journals of Matthew Ricci: 1583–1610*, trans. Louis J. Gallagher (New York: Random House, 1953), 21.